

Ұзынкөл ауданында 2013 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 22 қаңтардағы № 12 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 15 ақпанда № 4016 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5 бабына, 7-бабының

2) тармақшасына сәйкес Ұзынкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Ұзынкөл ауданында 2013 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесі белгіленсін.

2. "Ұзынкөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шараларды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі
КЕЛІСІЛДІ

Т. Ташмағамбетов

"Ұзынкөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы
----- *Г. Асқарова*

Ә к і м д і к т і ң
2 0 1 3 жылғы 22 қаңтардағы
№ 12 қаулысына қосымша

Ұзынкөл ауданында 2013 жылға арналған халықтың нысаналы топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесі

1. "Ұзынкөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде лайықты жұмысы жоқ жұмыссыздар ретінде тіркелген т ұ л ғ а л а р .

2. Жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастағы жастар.
3. Елу жастан асқан адамдар.
4. Ұзақ уақыт жұмыс істемейтін азаматтар (он екі және оданда артық айлар).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ